



Қазақстан Республикасының кеден қызметін жетілдірудің 2000-2002 жылдарға арналған тұжырымдамасын мақұлдау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 25 ақпан N 301

Кеден органдарының экономикалық қауіпсіздікті, заң базасын жетілдіруді, кеден рәсімдерін оңтайландыру мен оңайлатуды қамтамасыз етудегі рөлін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының кеден қызметін жетілдірудің 2000-2002

жылдарға арналған тұжырымдамасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрі Қазақстан Республикасының кеден қызметін жетілдірудің 2000-2002 жылдарға арналған тұжырымдамасын кезең-кезеңмен іске асыру жөнінде шаралар қолдансын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 25 ақпандағы
N 301 қаулысымен
мақұлданған

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс министрлігі
Кеден комитеті

Қазақстан Республикасының кеден қызметін
жетілдірудің 2000-2002 жылдарға арналған
ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасы кеден органдарының қалыптасуы өте ауыр экономикалық жағдайларда жүріп жатыр. Кеден қызметінің сегіз жылдық жұмыс тәжірибесі стратегиялық мақсаттарды нақты айқындаусыз, анық басымдықтарды тұжырымдаусыз елеулі табыстарға қол жеткізудің мүмкін еместігін көрсетті.

Қазіргі уақытта кеден қызметін қазақстандық сыртқы сауданы мемлекеттік реттеудің нақты жұмыс істейтін құралына айналдыру үшін күш-жігер жұмсалып жатыр, бұл жаңа басқару жүйесі бар қазіргі заманғы кеден қызметін құруды, бақылау және пайдаланылып жүрген дәстүрлі кеден рәсімдерін жетілдіру саласында жаңа стратегия әзірлеуді талап етеді.

Бұл талаптардың негізгі мақсаты фискальдық саясат жүргізу, сыртқы сауданы реттеу және мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында кеден органдарының алдында тұрған міндеттерді шешудің мейлінше тиімді және ұтымды жолдарын іздеу болып табылады.

Сыртқы экономикалық байланыстардың дамуына тиімді жәрдемдесудің қажеттілігі қазақстандық кеденнің алдына кеден ісін дамытуға жаңа тәсілдерді әзірлеу міндетін қойды.

Осы Қазақстан Республикасының кеден қызметін жетілдіру тұжырымдамасы жинақталған тәжірибені жүйелеуге және осының базасында кеден органдары қызметінің негізгі бағыттары бойынша реформалардың мейлінше ықтимал барысын алдын ала болжауға, басымдықтарды айқындауға әрекеттену болып табылады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КЕДЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ МИССИЯСЫ

Сыртқы сауданы ырықсыздандыру және елдің географиялық орналасуын ескере отырып тауарлардың халықаралық транзиті үшін қолайлы режим жағдайын жасау.

МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР:

- Мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігі мен экономикалық мүдделерін қамтамасыз ету;

- Кеден төлемдері мен салықтарын уақытында және толық алу, валюталық-банктік кеден бақылауын жүзеге асыру;

- Елдің сыртқы саудасын реттеудің мемлекет белгілеген тарифтік және тарифтік емес шараларының сақталуын бақылауды қамтамасыз ету жөніндегі кеден қызметінің рөлін нығайту;

- Заң базасын қамтамасыз ету;

- Кеден ісі саласында контрабандаға және қылмыстарға, кеден ережелерін

бұзушылықтарға қарсы күрес;

- Кеден рәсімдерін оңтайландыру. Мемлекеттің кеден шекарасы арқылы тауар айналымын жеделдетуге септігін тигізетін жағдайларды жасау;

- Стратегиялық мақсаттағы тауарлардың, екі ұдай мақсаттағы тауарлардың қозғалысын бақылауды қамтамасыз ету.

Проблеманың мазмұны және оны тұжырымдамалық шешу қажеттілігінің дәйектемесі

Осы кезеңдегі экономиканың дамуы және Қазақстан Республикасының әлемдік шаруашылықтар байланыстары жүйесіне бірте-бірте кіруінің қажеттілігі кеден қызметіне реформа жүргізуді талап етеді. Бұл реформалардың негізгі мақсаты сыртқы сауданы реттеу және мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында кеден органдарының алдында тұрған міндеттерді шешудің мейлінше тиімді және ұтымды жолдарын іздеу болып табылады. Жүргізілетін реформаның негізіне алынған принциптер қарапайым-реформа:

- кедендік бақылау жүйесін оңайлатуға;

- заңдар мен кеден рәсімдерінің ашықтығына;

- кеден төлемдерінің түсуін өсірудің стратегиясын әзірлеуге бағытталған.

Тұжырымдаманы жасаудың негізгі мақсаты - жақын арадағы перспективаға арналған міндеттерді анық айқындау және ұзақ мерзімді басымдықтарға дәйекті түрде көшу.

Кеден органдарын жетілдірудің тұжырымдамасын әзірлей отырып біз реформаларды жүзеге асыру жөніндегі шаралар аймақтық бірлестіктердің (ТМД, Кеден одағы) шеңберіндегі біздің уағдаластықтарымыздан туындайтын халықаралық міндеттемелеріміздің орындалуына жәрдемін тигізуі, кеден ісіне қатысты Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының орындалуы үшін әлемдік экономикалық жүйеге үйлесімді түрде кірудің қажеттілігін негізге аламыз.

Бұдан басқа, реформаларда Дүниежүзілік кеден ұйымының (ДКҰ), Дүниежүзілік сауда ұйымының конвенциялары мен келісімдерінде өз көрінісін тапқан халықаралық танылған практика көрініс табуы тиіс.

Кеден қызметінің қазіргі жай-күйі

Республика кеден жүйесінің қалыптасуы нақты тарихи: бір жағынан - Кеңестік мемлекеттің құлауы, экономикалық дағдарыс, екінші жағынан - егемендік алу мен тәуелсіз мемлекет құру жағдайында жүзеге асырылды. 1991 жылы біздің мемлекетіміз қазіргі заманғы кеден қызметін құруға кірісті. Президенттің алғашқы Жарлықтарының бірі "Қазақстан Республикасының Кеден комитетін құру туралы" 12.12.1991 жылғы

Жарлығы болды. Республикада бұған дейін тікелей КСР Одағына бағынатын Қазақ республикалық кедені, Қорғас кедені, Гурьев кедені жұмыс істеді.

1991 жылы республиканың кеден органдарындағы адам саны 150-ден сәл асатын. Егемен мемлекет ретінде Қазақстан Республикасы құрылғасын бұрынғы КСРО мемлекеттерімен шекараларда кеден бақылауын жасау қажеттілігі туды, "ашық шекара" деп аталатынның ұзындығы 12760 км, бұдан басқа ҚХР-мен - 1560 км болды. Қазақстан Республикасының кеден шекарасының бүкіл периметрі бойынша кедендік және шекаралық шарттылықтарды орындау үшін бірде бір жайластырылған кедендік өткізу о р н ы б о л ғ а н ж о қ .

1995 жылға дейін қажетті заң базасының, кадр құрамының, қаржыландырудың болмауы кеден қызметінің проблемасын елеулі түрде қиындатты. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" заң күші бар Жарлығы (1995 жылғы маусым) қабылданғанға дейін республикада кеден ісі көбіне біріне-бірі қайшы келетін 200-ден астам түрлі құжаттармен реттелді.

Кеден қызметінің ісіне мыналар айтарлықтай ықпал етеді:

- Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өтетін тауарлар мен көлік құралдарының көлемі, сондай-ақ елдің мемлекеттік шекарасынан өтетін жеке а д а м д а р д ы ң с а н ы ;

- сыртқы сауда айналымының қысқаруына қарамастан кеден төлемдерінің түсуі есебінен мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігінің толығы қарқынының өсуі;

- жағдайлардың саны бойынша да, сондай-ақ бұл ретте тәркіленетін тауарлардың құны бойынша да кедендік құқық бұзушылықтар ауқымының күрт өсуі;

- әлеуметтік-қауіпті контрабанда көріністерінің айтарлықтай және тұрақты түрде өсуі. Атап айтқанда, есірткі құралдарының контрабандасы. 1999 жылы 2 тонна есірткі құралдары ұсталды. Алғаш рет "ауыр" есірткілер 26 кг героин, 133 кг апиын ұсталынды

Ұлттық экономиканың қалыптасуы кезеңінде кеден қызметтері бюджеттің кіріс бөлігін толықтырудың негізгі көздерінің бірі болып табылады.

Ө н д і р і п а л ы н д ы :

- 1997 ж. - 22 024 705 мың теңге
- 1998 ж. - 33 706 710 мың теңге
- 1999 ж. - 38 187 619 мың теңге

- Болжам:

- 2000 ж. - 58 237 763 мың теңге

1997 жылдан бастап кеден органдарының Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп жүзеге асыратын кедендік-банктік валюталық бақылауы енгізілді. Кедендік-банктік валюталық бақылаудың мақсаты валюталық түсімнің толықтығы мен уақытылы түсуін, сондай-ақ ақша қаражатының импорттың мақсатына заңды және негізді пайдаланылуын қамтамасыз ету. Кеден органдары жүргізген іс-шаралардың нәтижесінде СЭЖ қатысушылар тарапынан қаржы тәртібі күшейді, валюталық мәмілелерді жүзеге асыру кезіндегі ақша айналысының уақыты қысқарды.

Контрабандамен және кеден ісі саласындағы қылмыстармен, Қазақстан Республикасының кеден шекарасынан өткізілетін тауарларға қатысты кеден ережелері мен салық заңдарының бұзылуларымен күрес барысында 1999 жылы осы бағытта кеден органдары жұмысының айтарлықтай жанданғанын көрсететін нәтижелерге қол ж е т к і з і л д і .

356 қылмыстық іс қозғалды, оның ішінде экономикалық контрабанда бойынша - 108; кеден төлемдері мен салықтарын төлеуден жалтарғаны үшін - 42 іс; есірткі құралдарының, тыйым салынған және айналыстан шығарылған заттардың заңсыз айналымының анықталған фактілері бойынша - 78 іс, басқа да түрлі қылмыстар бойынша - 128 іс. Бүкіл 1998 жылы - 105 іс, 1997 жылы - 80 іс.

Кеден ережелерін бұзғаны туралы істер бойынша өндіріп алынған айыппұлдардың және тауарлар мен көлік құралдары құнының сомасы өткен жылы 4 млрд. теңгені, 1998 жылы - 3,09 млрд. теңгені құрады.

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Жарлық енгізілген 1995 жылдан бастап осы уақытқа дейінгі кезеңде республиканың кеден қызметі кеден бақылауын ұйымдастырудың сан алуан түрлі аспектілері бойынша белгілі бір жұмысты атқарды.

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Z952368_ Заңға сәйкес сенімді кеден бақылауын қамтамасыз етуге мүмкіншілік беретін нормативтік құжаттар әзірленді. Тауарлардың жеткізілуін бақылау мәселелері шешілу үстінде.

Қазақстан Республикасының мүддесі үшін стратегиялық және басқа да өмірлік маңызы бар материалдардың, екі ұдай мақсаттағы тауарлардың әкелінуін бақылау жолға қойылды. Сондай-ақ радиоактивті және бөлінетін материалдарға да.

Өткен жылдан бастап біз қолданылып жүрген кеден заңына өзгерістер енгізу мәселесімен тығыз айналыстық. Тұтастай алғанда 236-бап өзгертілді. Өзгертулердің негізгі мақсаты - кеден шарттылықтарын оңайлату және жеделдету.

Өзгерістердің бірқатары Қазақстанның кеден заңын ДСҰ-ның талаптарына және Кеден одағы туралы келісімдерге сәйкестікке келтіру үшін жасалды. Бұл өзгерістер қазақстандық заңдарды ең озық халықаралық стандарттармен үйлестіруге қызмет етеді және кеден рәсімдерін оңайлату мен кедендік шарттылықтардың өткізілуін жеделдетуге, сондай-ақ кеден ресімін жүзеге асыру кезінде импортшыларда туындайтын жекелеген практикалық проблемаларды шешуге бағытталған.

Кеден режимдерінің басым көпшілігін қолдану жөніндегі рұқсат беру жүйесі осы жүйені орындалуы түрлі жағдайларға қарамастан сол немесе өзге де режимнің орындалуын қамтамасыз етуі тиіс талаптармен ауыстырыла отырып, алынып тасталды; уақытша сақтау қоймаларының (УСК) қызметіндегі "бұрмалаушылықтарды" жоюға қадам жасалды; кеден рәсімдері оңайлатылды; кеден декларациясын, құжаттарды тексерудің және тауарларды қарап-тексерудің мерзімдері (үш күнге дейін) нақтыланды. Аталған өзгерістер сыртқы экономикалық қызметтің адал қатысушыларын қолдауға бағытталған. Мұнымен бір мезгілде СЭҚ теріс пиғылды қатысушыларына қатысты талаптар өзгерді, кеден заңдарын бұзған жағдайларда қолданылатын санкциялар күшейтілді, сондай-ақ қолданылып жүрген кеден заңдарында көзделген жеңілдіктер шектелді немесе мейлінше анық айқындалды.

Тауарларды алдын ала, кезеңдік декларациялау жөніндегі рәсімдер көзделді. Заңға интеллектуалдық меншік құқығын қорғау жөніндегі жаңа тарау енгізілді. Транзиттің кедендік режиміне қатысты өзгерістер енгізілді.

Қазіргі уақытта ТМД аумағында толық не белгілі бір шарттылықтармен қатысатын, 12 мемлекетті біріктірген еркін сауда аймағы, Кеден одағы, ОАЭҚ жұмыс істейді. Өткен кезең ішінде мемлекеттік және үкіметтік деңгейде ТМД-ны, Кеден одағын қалыптастыру ісінде принципті маңызы бар бірқатар құжаттарға қол қойылды. Бұл - ТМД қатысушы мемлекеттердің кеден заңдарының негіздері, Сыртқы сауданың кеден статистикасын жүргізудің бірыңғай методологиясы, ТМД сыртқы сауда қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасы туралы келісім.

Кеден одағы туралы келісімді дамытуда өзара саудадағы кеден рәсімдерін бірдейлендіретін және оңайлататын бірқатар үкіметаралық және ведомствоаралық құжаттарға қол қойылды және іске асырылып жатыр. Қазақстан Республикасы кеден қызметінің ресей кеден қызметінің жанындағы өкілдігі ашылды.

Қазақстан Республикасының кеден қызметі 1992 жылдан бастап Дүниежүзілік кеден ұйымының мүшесі болып табылады.

Кеден қызметінің маңызды шарты кеден инфрақұрылымының болуы болып табылады. Тұтастай алғанда кедендік бақылаудың техникалық құралдармен, байланыспен, автокөлік құралдарымен жарактандырылуы республика бойынша 30% шамасында.

"Мемлекеттік шекарада бақылау-өткізу пункттерінің (БӨП) құрылысын салу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 10.03.1998 жылғы N 193 қаулысымен 1998-1999 жылдары құрылысын салу жоспарланған 112 (БӨП) айқындалды. 1998 жылы 7 тұрақты кеден посты мен 25 модульдік үлгідегі пост пайдаланылуға қосылды. 1999 жылдың аяғында жайластырудың бірінші кезеңі аяқталады. Республика кеден шекарасының бүкіл периметрі бойынша 105 пост іске қосылды.

1999 жылы халықаралық стандарттарға жауап беретін, шекарада мүддесі бар барлық қызметтер үшін қажетті жағдайлар жасауды көздейтін "Жібек жолы" (

Өзбекстанмен шекарада) және Бақты (ҚХР-мен шекарада, СҰАР) өткізу пункттерінің қ ұ р ы л ы с ы б а с т а л д ы .

Кеден комитеті қызметі тауарлар мен көлік құралдарын кедендік тазартуды жеделдетуге септігін тигізуге арналған кеден маңының инфрақұрылымын құру жөніндегі жоспарлы жұмысты жүргізді. 1999 жылдың 1 қаңтарына дейінгі жағдай бойынша 94 уақытша сақтау орыны, 22 кеден қоймасы жасалды және бұлар жұмыс і с т е п т ұ р .

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Z952368_ Заңның тиісті баптарын атқару үшін 1998 жылы кеден органдары елдің сыртқы саудасының кеден статистикасын қалыптастыруға кірісті.

Кеден органдары бүгінгі күні: орталық кеден органы, кеден басқармалары мен кедендер, кеден постылары кіретін бірыңғай жүйені құрайды. Мамандандырылған кеден ұйымдары - Орталық энергетикалық кеден, Ақпараттық статистикалық кеден, Орталық кеден сараптамасы құрылды. Республика кеден органдарының саны 1999 жылдың аяғында 5995 бірлік, оның ішінде Орталық аппаратта 124 бірлік болды.

Жарлыққа енгізілген өзгерістердің негізгі мақсаты - СЭҚ қатысушылары үшін кедендік ресімдеу процесін жеңілдету және шығынын барынша азайту. "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Заңның жаңа ережелері халықаралық сауданы жүзеге асыру кезінде негізсіз материалдық және уақыттың шығындалуына апарып соғатын (кеден құжаттамасының көптігі, кедендік ресімдеудің күрделілігі, кедендік реттеуді қолданудың жеткіліксіз "ашықтығы" мен болжанып болмайтындығы) әкімшілік кедергілердің қысқаруына септігін тигізетін болады.

Озық әдістерді қолдану, атап айтқанда, ақпараттық технологияны мейлінше кең пайдалану міндеті қойылып отыр. Кеден кадрларын кәсіптік даярлау мен қайта даярлауға ерекше көңіл бөлініп отыр, кеден органдары қызметкерлерінің арасындағы сыбайлас жемқорлық және парақорлық фактілеріне қарсы күрес бойынша кешенді шаралар іске асырылуда. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасының Заңын атқару үшін және орталық аппарат пен аумақтық бөлімшелер қызметкерлерінің кәсіптік жарамдылығын, теориялық білімдерінің деңгейін, сондай-ақ іскерлік сапаларын тексеру мақсатында тест жүргізілді, оның нәтижесінде аттестациядан өтпеген 118 адам кеден органдарынан босатылды, 230-ның лауазымы төмендетілді. 1999 жылдың басынан бері түрлі себептер бойынша 520 қызметкер б о с а т ы л д ы .

Кеден рәсімдерін оңайлатуда ақпараттық технология жүйесін құруға маңызды рөл бөлініп отыр. Енгізілмекші Кеден қызметінің бірыңғай автоматтандырылған жүйесі, өз қолданбалы жүйелерін қолдану жүктерді кедендік ресімдеу процесін одан әрі оңайлатуға, кеден шарттылықтардан өту уақытын қысқартуға, кеден органдарының қызметін тиімді талдауға, контрабандаға және кеден ережелерін бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл жасауға септігін тигізетін болады.

Болашақта - Қазақстанның сауда әріптестері болып табылатын елдермен деректерді автоматтандырылған алмасу жүйесін құру, халықаралық электронды жүйеге деректермен алмасуды енгізу бір мезгілде түрлі нысандағы құжаттарды қолмен толтыруға байланысты кедендік шарттылықтарды оңайлата отырып, тауарлардың Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өтуін бақылауды күшейтуге мүмкіндік береді.

Кеден одағы және Бірыңғай экономикалық кеңістік туралы шарттарды практикада іске асыру тауарлардың, қызмет көрсетулердің ортақ рыногын құруға, капиталдардың құйылуы мен кетуінің процестерін интенсификациялауға, жұмыс күшінің жылжуына бағытталған, бұл Кеден одағына

қатысушы мемлекеттердің экономикасының жандануына, сыртқы саудадағы алмасудың құрылымында прогрессивті өзгерістердің болуына септігін тигізеді.

Кеден одағының негізгі принциптері мыналар болып табылады:

- Кеден одағына қатысушы елдердің ортақ шекарасында кедендік бақылау болмайтын біртұтас аумақ;

- бірыңғай кеден саясатын жүзеге асыру;

- ортақ кеден тарифін немесе кеден баждарының келісілген ставкаларын пайдалану;

- тарифтік және тарифтік емес реттеудің бірыңғай шараларын қолдану;

- үшінші елдермен сауда режимдерінің бірдейлігін қамтамсыз ету;

- кеден органдарын басқарудың тұтастығын қамтамсыз ету;

- өндіріп алудың бірыңғай тәртібін белгілеу және кеден төлемдерін

Кеден одағына қатысушы елдердің арасында бөлу.

1-БӨЛІМ. КЕДЕН САЯСАТЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

1-БАСЫМДЫҚ. Қазақстан Республикасы сыртқы саудасының бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйесі мен кеден статистік қалыптастыру

Жалпы ережелер

Қазіргі уақытта ақпарат аса маңызды стратегиялық ресурс болып отыр. Бұл күндері мейлінше экономикалық және әлеуметтік табыс қазіргі заманғы коммуникация

құралдарын, ақпараттық технологияларды және олардың желілік қосымшаларын: электрондық поштаны, қашықтықты оқытуды, мультимедианы, теледидарды, телеконференцияны, визуализацияны, моделдеуді, компьютерлік графиканы және көптеген басқаларды пайдаланатын елдердің жағында. Барлық осы қосымшалар және олармен байланысты қолданбалы міндеттер телекоммуникациялық желілердің жаңа сыныбы мен ақпараттық ресурстарды басқарудың жүйелерін құруды талап етеді. Электрондық көздерге көшірілген ақпараттық ресурстар сапалық жаңа күйге ие болады, белсенді болады, өйткені осы сапасында компьютерлік құралдар мен жүйелердің, жалпы пайдаланыстағы, оның ішінде қашықтық байланыс желілерінің көмегімен қол жетімді болады. Компьютерлік өңдеу құралдарымен жедел қайта жаңғыртуға арналған қол жетімді ақпарат қоғамның әлеуметтік дамуының аса маңызды факторына айналады.

Кеден органдарын ақпараттандыру мыналарды көздейді:

Әлеуметтік және экономикалық проблемаларды шешу үшін қажет ақпарат кез келген уақытта, кез келген нүктеде, кез келген әлеуетті пайдаланушыға қол жетімді болуы үшін құқықтық, экономикалық, технологиялық, әлеуметтік және кәсіптік-білім беру жағдайларын жасау.

Ақпаратты сақтауды, қайта өңдеуді, жаңғыртуды және беруді қоса алғанда ақпараттық ресурстарды қалыптастыруды және оған қол жетімділікті қамтамасыз ететін аппараттық және бағдарламалық құралдарды, телекоммуникациялық жүйелерді құру.

Ақпаратты өндіруге кепілдік беретін құрылымдарды бірінші кезекте дамытуды қамтамасыз ету.

Ұйымдастыру-методологиялық негіздерді және ақпараттық технологияларды Қазақстан Республикасының кеден органдарын басқару саласына дәйекті, мақсатты және тиімді енгізу бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру.

Осылайша, Қазақстан Республикасының Бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйесі ақпараттық ресурстарды қалыптастыру мен пайдаланудың негізінде қаржылық мемлекеттік өкімет органдарының, жергілікті басқару органдарының, министрліктер мен ведомстволардың ақпараттық қажеттерін қанағаттандыру үшін оңтайлы жағдайларын жасаудың ұйымдастырушылық әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық процесін білдіреді.

Орталық кеден органының ақпараттық кеңістігі - бұл кеден органдары мен фискалды ведомстволардың ақпараттық өзара іс-қимылын қамтамасыз ететін бірыңғай принциптердің негізінде және жалпы қағидалар бойынша жұмыс істейтін деректер базасы мен банктерінің, оларды жүргізу мен пайдалану технологияларының,

ақпараттық-телекоммуникациялық жүйелер мен желілердің жиынтығы.

Басқаша айтқанда, Қазақстан Республикасы кеден органдарының ақпараттық кеңістігі мынадай негізгі компоненттерді қамтиды:

- ақпараттың тиісті көздерінде тіркелген деректер мен мәліметтері бар ақпараттық р е с у р с т а р ;

- ақпараттық кеңістіктің жұмыс істеуі мен дамуын, атап айтқанда, ақпаратты жинауды, өңдеуді, сақтауды, таратуды, іздеу мен беруді қамтамасыз ететін ұйымдастыру құрылымдары ;

- кеден және фискалдық органдардың ақпараттық өзара іс-қимыл жасауы құралдарын және олардың бағдарламалық-техникалық құралдары мен ұйымдастыру-нормативтік құжаттарын қамтитын тиісті ақпараттық технологиялардың негізінде ақпараттық ресурстарға қол жеткізуі.

Қазақстан Республикасының кеден қызметі органдарын ақпараттандырудың негізгі мақсаттары

Кеден органдарын ақпараттандырудың негізгі мақсаты - кеден төлемдерін жинауды әкімшіліктендірудің сапасы мен деңгейін арттыруды, кеден рәсімдерін оңайлатуды, ақпараттық ресурстар мен технологияларды кең пайдаланудың есебінен арнайы кедендік статистика мен сыртқы сауда статистикасын жүргізуді қамтамасыз ету, сондай-ақ сыртқы экономикалық қызметтің барлық субъектілері бойынша толық, кәміл және қол жетімді деректер базасының есебінен мемлекеттік, аумақтық немесе аймақтық деңгейлерде шешім дайындауды және қабылдауды айтарлықтай жақсарту, сондай-ақ интеллектуалдық ақпараттық жүйелерді дамыту.

Ақпараттандыру мен ақпараттық кеден индустриясын құру:

- Кеден органдарын стратегиялық және ағымдағы басқарудың барлық базалық функцияларын қамтамасыз етуді (жағдайды талдау мен болжау, ақпарат алмасу, қызметті жоспарлау мен үйлестіру, қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау ж ә н е т . б .) ;

- Кеден органдарының қызметін тиімді бақылау және көлеңкелі экономикамен, сыбайлас жемқорлықпен және лауазымдық қылмыстармен күресудің пәрменді құралы ретінде ақпараттық саясаттың ашықтығын пайдалануды;

- Кеден қызметінің ақпараттық аясын Қазақстан Республикасының және әлемдік қоғамдастықтың бірыңғай ақпараттық кеңістігімен интеграциялауды;

- Ақпараттық ресурстарға билік ететін ақпараттық қызметтер мен құрылымдарды монополиясыздандыруды ;

- Кедендік ақпараттық индустрия саласында бәрін қамтитын ақпараттандыруды дамыту үшін жағдайлар жасауды іске асырудың аса маңызды тәсілдерінің бірі болып т а б ы л а д ы .

Кеден органдарын ақпараттандырудың негізгі бағыттары мен мақсаттары мыналар
б о л ы п т а б ы л а д ы :

- ақпараттық ресурстарды қалыптастыру және біріктіру, ақпараттандыру және ақпаратқа құқықты қамтамасыз ету саласында мемлекеттік саясатты іске асыру;

- орнықты даму үшін қажетті ақпараттық инфрақұрылымдар мен ресурстарды ж а с а у ж ә н е қ о л д а у ;

- ақпараттық ресурстардың, қызмет көрсетулердің, ақпараттық жүйелердің, технологиялардың, оларды қамтамасыз ету құралдарының рыногын қалыптастыру;

- ақпараттық ресурстарды дамыту мен қорғауға арналған жағдайларды қамтамасыз е т у ;

- сапалы ақпараттық қызмет көрсету үшін мемлекеттік, корпоративтік құрылымдардың ақпараттық аясын пайдалану мен дамытуда мүдделердің тепе-теңдігін қ а м т а м а с ы з е т у ;

- ақпараттық өзара іс-қимыл жасаудың және ақпараттық және телекоммуникациялық қызмет көрсетулер рыногын қалыптастырудың нормативтік құқықтық б а з а с ы н ә з і р л е у ;

- кеден комитетінің құрылымдары мен несие-қаржы жүйесі құрылымдарының арасында құпия байланысты ұйымдастыру және қорғалған ақпараттық өзара і с - қ и м ы л д ы қ а м т а м а с ы з е т у ;

- Қазақстан Республикасының кеден органдары мамандарына ақпараттық қызмет көрсетулердің экономикалық орындылығын сезіндіре отырып, жоғары ақпараттық м ә д е н и е т т і қ а л ы п т а с т ы р у ;

- Қазақстан Республикасы кеден органдарының интеллектуалдық және кадр әлеуетін, конверсияның мүмкіндігін әрбір нақты жәйттік саладағы қолданымда б а р ы н ш а п а й д а л а н у ;

- Қазақстан Республикасының мүддесінде ақпараттық кеден индустриясын құру ж ә н е д а м ы т у ;

- Кеден органдарының корпоративтік ақпараттық жүйесі мен желісін қолдау, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасының бірыңғай ақпараттық кеңістігіндегі сыйысымдылығы мен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;

- Кеден төлемдерін есептеу мен алудың орталықтандырылған бақылауын қ а м т а м а с ы з е т у ;

- Контрабандаға және кеден ережелерін бұзушылықтарға қарсы күресті ақпараттық қ о л д а у ;

- Лицензиялар мен квоталардың орындалуын бақылау.

Қазақстан Республикасының кеден органдарын
ақпараттандырудың басымдықты міндеттері

Кеден органдарын ақпараттандырудың аса маңызды міндеті кеден органдарының және қаржылық мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының ақпараттық инфрақұрылымын құру және дамыту болып табылады.

Кеден жүйесінің ақпараттық индустриясының міндеттеріне мыналар жатады:

- ақпараттық технологиялардың дамуының қазіргі заманғы әлемдік деңгейін ескере отырып кеден органдарын ақпараттандыру саласында бірыңғай ғылыми-техникалық саясатты қалыптастыру және жүзеге асыру;

- ақпараттандыруды басқарудың құрылымын ұйымдық қамтамасыз ету және қалыптастыру кеден органдарын ақпараттандыруды қамтамасыз ету бойынша әдістемелік және ұйымдастыру-құқықтық материалдарды әзірлеу;

- кеден органдарының бірыңғай ақпараттық жүйесінде ақпараттық қауіпсіздік пен деректерді кешенді қорғаудың ұйымдастыру-құқықтық және техникалық мәселелерін шешу ;

- қолданылып жүрген және жобаланып отырған ақпараттық кешендер мен жүйелерде ақпараттық қауіпсіздік проблемаларын шешу;

- озық әлемдік тәжірибенің және ақпараттық технологиялар, телекоммуникациялар құралдарының және оқыту технологияларының қазіргі даму үрдісі негізінде Қазақстан Республикасы кеденінің ақпараттық ортасының жұмыс істеуі мен дамуын қамтамасыз ететін мамандарды даярлау мен қайта даярлау жүйесін қайта ұйымдастыру.

Қазақстан Республикасының кеден қызметі мен мемлекеттік өкімет органдарының интеграцияланған ақпараттық ортасы

Қазақстан Республикасы мемлекеттік өкімет органдарының интеграцияланған ақпараттық ортасы бір-бірімен өзара байланысты және өзара іс-қимыл жасайтын салалық корпоративтік және проблемалық-бағдарланған ақпараттық жүйелердің, оның ішінде :

- Қазақстан Республикасы кеден органдарының;

- Қазақстан Республикасы салық органдарының;

- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі органдарының;

- Банк жүйесінің ;

- Қазақстан Республикасы телекоммуникация қызметтері органдарының және т.б. кешені ретінде қарастырылады .

Қазақстан Республикасы кеден органдарының интеграцияланған ақпараттық ортасы Қазақстан Республикасының біртұтас ақпараттық кеңістігінің бір бөлігі ретінде мынадай басты компоненттерді :

- телекоммуникациялық ортаны ;

- ақпараттық ресурстарды, ақпараттық жүйелер мен солардың негізінде оларды

б е р у д і н

т е т і к т е р і н ;

- ақпараттық ортаның жұмыс істеуі мен дамуын қамтамасыз ететін ұйымдастыру
и н ф р а қ ұ р ы л ы м ы н ;

- мамандарды даярлау мен қайта даярлаудың және ақпараттық ортаны
п ай д а л а н у ш ы л а р д ы ң ж ү й е с і н қ а м т и д ы .

Ақпараттық қауіпсіздік пен деректерді қорғаудың жағдайларын жасау
корпоративтік, салалық және заттық-проблемалық ақпараттық орталардың бірыңғай
ақпараттық кеңістікке интеграциялаудың аса маңызды факторы болады.

Интеграцияланған ақпараттық ортаның жұмыс істеуі мен орнықтылығының
міндетті және аса маңызды шарты Қазақстан Республикасында ақпараттық процестерге
және ақпараттандыруға қатысушы субъектілердің қатынастарын реттеудің негіздерін
айқындайтын нормативтік құқықтық база болып табылады.

Кеден органдарының телекоммуникациялық ортасын
калыптастырудың негізгі принциптері мен міндеттері

Кеден органдарының телекоммуникациялық ортасы тұтыныстарға тиісінше сәйкес
келуі, республикалық және аумақтық, аймақаралық сипаттағы ақпараттық ағындарды
ұтымды ұйымдастыруға жәрдемін тигізуі және тиімді басқаруды қамтамасыз етуі тиіс.
Қазақстан Республикасы кеденінің қазіргі барларын дамыту және жаңа
коммуникацияларды құру мемлекеттік басқарудың бірыңғай ақпараттық кеңістігінің
шеңберінде олардың жұмыс істеу мүмкіншілігін қамтамасыз етуі тиіс. Бұл үшін
мынадай принциптерді сақтау қажет:

1. Мемлекеттік және әлемдік телекоммуникациялардың желісінің құрамдас бөлігі
бола отырып, Қазақстан Республикасы кеден органдарының желісі Халықаралық
Электр байланысы Одағының құжаттарына және ұлттық талаптарға қатаң сәйкестікте
дамуы және жетілдірілуі тиіс.

2. Кеденнің телекоммуникациялық инфрақұрылымы Қазақстан Республикасының
қазіргі бар телекоммуникациялық ресурстарының мүмкіншілігін толықтыра және
дамыта отырып дамуы тиіс.

3. Телекоммуникациялық ортаның қауіпсіздігін физикалық қауіпсіздікті,
аппараттық құралдардың қауіпсіздігін, бағдарламалық-математикалық қамтамасыз
етудің қауіпсіздігін және байланыстың қауіпсіздігін интеграциялау жолымен
алгоырғақтық және ұйымдастыру-техникалық шараларының, құралдары мен
тәсілдердің кешені негізінде қамтамасыз ету.

Ақпараттандыру міндеттерін шешу телекоммуникациялық желілерге мынадай
т а л а п т а р қ о я д ы :

- байланыстың құрамын одан әрі кеңейту және сапасын арттыру;
- жаңа телекоммуникациялық қызметтерді енгізу және дамыту;

- ҚР қазіргі бар барлық байланыс желілері мен қызметтерін белгілерді беру мен өндеудің сандық әдістерінің базасында бірыңғай телекоммуникациялық ортаға интеграциялау;

- кеденнің, салық жүйесінің, банк жүйесінің ақпараттық жүйелері мен желілерінің арасында, ТМД елдерінің аймақтарымен және Әлемдік қоғамдастықпен өзара ақпарат алмасу;

- пайдаланушыларға аудиовизуалды, мәтіндік және басқа да ақпаратты беру үшін кең өрісті қызмет көрсетулерін ұсыну.

Кеден телекоммуникациялық желісінің қауіпсіздігі Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздігін құраушылардың бірі болып табылады және оны қамтамасыз ету мәселелері мемлекеттік деңгейде қаралуы, шешілуі және бақылануы тиіс. Бұл ретте мынадай факторлардан:

- тікелей телекоммуникациялық ортаның жұмыс істеуін бұзуға

бағытталған кешенді әсер етуден;

- желінің жұмысына байланысы бар технологиялық (қызметтік) және өзге ақпаратқа рұқсат етілмеген қол жеткізуден;

- қондырылған қорғау құралдарын бұзудан қорғауды қамтамасыз ету қажет.

Желілік сервистің негізгі инфрақұрылымы:

- байланыстың бөлінген магистралдық каналдарын беру жөніндегі қызмет көрсетулерді қамтамасыз ететін бастапқы желі;

- деректерді маршруттау және қатынастарды коммутациялау тораптарын қамтамасыз етуді қамтитын базалық телекоммуникациялық сервис қызметі;

- стандарттық бағдарламалық қамтамасыз етудің және байланыстық жабдықтың көмегімен іске асырылатын түпкі пайдаланушының қызметі болып табылады.

ҚР кеден қызметінің Бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық желісі мен ҚР МКМ КК деректерін алмасудың Республикалық желісін дамытудың басымдықты бағыттары

Қазіргі уақытта мемлекет ауқымындағы бақылаудың кез келген процесі түрлі мемлекеттік бақылаушы құрылымдардың көп деңгейлі өзара іс-қимылын ұйымдастыру үшін кең ауқымды ақпараттық ресурстарды жұмылдыруды көздейді.

ҚР кеден қызметінің Бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық желісі және ҚР МКМ КК Республикалық деректерді алмасу желісі (ҚР КҚ БААЖ және ҚР МКМ КК

қызметінің қазіргі бар бағдарламалық қамтамасыз етуін одан әрі жетілдіруді көздейді. Клиенттік те, сондай-ақ бағдарламалық өнімнің сервистік бөлігі ретінде де одан әрі әзірлеу және жетілдіру үшін лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді қосымша с а т ы п а л у к ө з д е л і н е д і .

2 - Б А Ғ Д А Р Л А М А

Сыртқы экономикалық қызметтің барлық түрі бойынша кең ауқымды деректер банкін құру және анық арнаулы кеден статистикасын қалыптастыру. Бағдарлама бүкіл түсетін ақпарат кеден қызметінің орталық серверінде жиналатын орталық кеден органындағы (Астана қаласы, ҚР МКМ КК ғимараты) кеңейтілген көл қырлы жергілікті есептеу жүйесі мен орталық торабы болады. Орталық серверде сақталатын деректер базасында арнаулы кеден статистикасы жүргізілуі тиіс, жұмыс 1-бағдарламаны орындау шеңберінде жүреді.

3 - Б А Ғ Д А Р Л А М А

Кеден комитетінің ақпараттық жүйесінің екінші деңгейдегі уәкілеттік берілген банктерімен және Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің ақпараттық жүйелерімен Өзара іс-қимылы. Осылайша, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп Валюталық-банктік бақылаудың ақпараттық жүйесін әзірлеу.

Қазірдің өзінде Кеден комитеті Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп валюталық-банктік бақылауды жүзеге асыруда. Осы бағдарламаны іске асыру банк жүйесімен интеграциялануды, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен тікелей жедел ақпарат алуды көздейді.

4 - Б А Ғ Д А Р Л А М А

Кеден одағына қатысушы елдердің ақпараттық технологияларымен өзара іс-қимылдың тетіктерін әзірлеу. Бағдарламаны іске асыру жоғарыда аталған барлық үш бағдарламаның орындалуын көздейді. Бұл Кеден одағына қатысушы елдермен, көптеген халықаралық кеден ұйымдарымен толық қанды ақпараттық өзара іс-қимыл жасау.

Бағдарламаларды іске асыру

Осы бағдарламаларды жүзеге асыру мыналарды кезең-кезеңмен игеруді көздейді (мың теңге):

2000 жыл

1-бағдарлама	645 489,5
2-бағдарлама	89 855,5
3-бағдарлама	114 380
4-бағдарлама	47 442
Барлығы	897 167

Қазақстан Республикасы кеден органдарының БААЖ-ы түпкі кезеңінде кеден қызметінің процестерін басқарудың автоматтандырылған жүйесін, тек мемлекеттің шеңберінде ғана емес, кеден одағы бойынша әріптестермен де өзара ақпараттық іс - қимыл жүйесін білдіреді.

Қазақстан Республикасы сыртқы саудасының кеден статистикасы:

- "Кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының тиісті ережелерінен туындайтын құқықтық негізде;

- Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өтетін тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеу мен бақылау үшін сыртқы экономикалық қызметтің қатысушылары ұсынатын жүк кеден декларацияларындағы көрсеткіштердің жиынтығын білдіретін құжаттық ақпараттан қалыптастырылады.

Қазіргі сәтте методологиялық та, сондай-ақ конструкциялық та, яғни халықаралық тәжірибесінде қабылданған бірдейлендірілген ресми жариялауларды ұсынудың, шығу нысандары мен кезеңділігін дамытудың қажеттілігі пісіп-жетілді.

Қазақстан Республикасының кеден қызметін жетілдірудің 2000-2002 жылдарға арналған тұжырымдамасы Қазақстан Республикасы сыртқы экономикалық қызметінің кедендік статистикасын оңтайландыруға арналған мынадай іс-шараларды жүзеге асыруды көздейді:

- тауар айналымының негізгі үрдістерін, құрылымын және серпінін макроэкономикалық жағдайды талдаумен байланысты талдау;
- бюджеттің кіріс бөлігі баптарының орындалуын бақылау;
- жедел пайдаланушыларды елдің сыртқы саудасы кеден статистикасының агрегирленген деректерімен жедел қамтамасыз ету;
- кеден органдары құзыретінің шегінде рыноктың конъюнктурасына талдау жасау;
- кеден саясаты саласында ұсыныстар әзірлеу;
- төлемдердің қозғалысын талдау және жалпы картинасын қалыптастыру;
- қазақстандық экспортшыларға олардың экспорттаған тауарлары үшін тиесілі

төлемдерді толық және уақытылы репатриациялау;
- қазақстандық импортершылардың импорттаған тауарлар үшін төлемдерді жүзеге асырудың заңдылығын бақылау;
- баға базасын қалыптастыру және реттеу үшін статистикалық деректерді

пайдалану отандық өндірісті қолдау үшін кедендік-тарифтік реттеу;
- елдің сыртқы саудасының түрлі аспектілері бойынша регламенттелмеген сұрау салулардың кең спектрін қамтамасыз ету.

Қазіргі заманғы байланыс құралдарын пайдалана отырып, ТМД елдерімен, шектес мемлекеттермен, сондай-ақ біздің республикамен белсенді сауда жасайтын мемлекеттермен сыртқы сауданың статистикалық деректерімен алмасуды тұрақты негізде жолға қою қажет.

Кеден қызметінің мемлекеттің кеден-тариф саясатын қалыптастыруға белсенді қатысуын қамтамасыз ету қажет, сонда сыртқы сауданың кеден статистикасы кеден тарифін айқындауда аса маңызды құрал ретінде қызмет ететін болады.

2-БАСЫМДЫҚ. Халықаралық кеден ынтымақтастығын дамыту

МАҚСАТ:

Кеден қызметін дамытуға және жетілдіруге жан-жақты жәрдем көрсету, кеден заңдарын халықаралық стандарттармен үндестіруді және бірдейлендіруді қамтамасыз ету, кеден қызметін басқарудың тиімділігін арттыру, халықаралық саудада жүріп жатқан кең ауқымды процестерге интеграциялау.

М І Н Д Е Т Т Е Р :

- Қазақстан Республикасының кеден ісіне қатысты бөлігіндегі халықаралық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету.

- Шет мемлекеттердің кеден және өзге де құзыретті органдарымен, кеден ісімен айналысатын халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты жүзеге асыру.

Республиканың кеден қызметі жалпы қабылданған халықаралық нормалармен және іс-тәжірибесімен жақындасу бағытында даму үстінде және әлемдік кеден-құқық тәжірибесін қабылдау мен қолдану табалдырығында тұр. Бұл ынтымақтастық үш негізгі бағыттарға апаруы мүмкін.

- Кеден одағы елдерімен, ТМД елдерімен кедендік-құқықтық ынтымақтастық

- Шетелдік мемлекеттермен кедендік-құқықтық ынтымақтастық
- Кеден ісіне қатысы бар халықаралық ұйымдармен кедендік-құқықтық
ы н т ы м а қ т а с т ы қ

Қазақстан Республикасының аймақтық кеден саясатының аса маңызды бағыты Кеден одағын, кейін ТМД-мен біртұтас экономикалық кеңістік құру және нығайту болуы тиіс. Кеден одағының негізгі жәйттері мыналар болуы тиіс:

саудадағы тікелей және жанама шектеулерді, баламды қолданылуы бар салықтар мен алымдарды алып тастау саясатын жүргізу, үшінші елдермен өзара қарым-қатынастарда бірыңғай көзқарастарды әзірлеу, экономикада тұтастай алғанда Достастық елдерін қолдаудың және оның жекелеген салаларында, адал бәсекелестік үшін жағдайлар жасаудың қажеттілігін ескере отырып, Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің ішкі рыногын және ұлттық тауар өндірушілерді шетелдік жеткізушілердің басқыншылығынан қорғау;

өтемдік, толингтік және лизингтік операцияларды қоса алғанда, шаруашылық жүргізуші субъектілердің тікелей сауда-экономикалық байланыстарын қолдау мен ынталандырудың тетіктерін қалыптастыру;

келісілген кеден саясатын жүргізу, тарифті келісілген реттеудің тетігін қалыптастыру.

Бұл бәрінен бұрын:

- тарифтік мәселелер, номенклатура мәселелері;
- шыққан елін айқындау;
- кеден құны;
- кедендік рәсімдер мен кедендік реттеу;
- кедендік режимдер;
- кеден жеңілдіктерін беру мәселелері;
- кеден төлемдерін алудың тәртібі;

- тауарларды Кеден одағының шеңберінде, Кеден одағынан тысқары өткізудің тәртібі секілді кедендік мәселелердің тұтастай бір кешеніне құрылатын болады.

Қуатты сауда-экономикалық блоктарын құру тұрғысында Кеден одағының, ТМД елдерінің үшінші елдерге қатысты кеден саясатын жүргізуде барған сайын бірыңғай көзқарастың қажеттілігі, ЕҚ, ДСҰ, басқа да аймақтық бірлестіктермен олармен қатынасты жалғыз-жалғыздан құрғаннан гөрі, бірлесе отырып іс-қимыл жасаған жеңілірек болатындығы барған сайын айқын болып отыр. Кеден саясатын аймақтық бірлестіктердің шеңберінде іске асыру Кеден одағы кеден қызметтерінің, ТМД, Интеграциялық комитеттің, Атқарушы комитеттің Басшылары кеңесінің жұмысына белсенді қатысу жолымен жүзеге асырылатын болады.

Мәселелердің келесі топтамасы - шетелдік кеден қызметтерімен қарым-қатынастар. Мұндай қарым-қатынастар әлемдік кеден тәжірибесін дәйекті түрде пайдалануға құрылуға тиіс. Бірқатар елдермен негізгі ережелері ДСҰ-мен(кеден) ынтымақтастық туралы меморандумда жазылған талаптарға жауап беретін кеден ынтымақтастығы және өзара көмек туралы келісімдерге қол қою және оны практикалық қамтамасыз ету көзделініп отыр. Әлемдік кедендік әкімшіліктермен байланыс орнату халықаралық стандарттарға сәйкес кадрларды даярлау және қайта даярлау, техникалық көмек, контрабандаға, экономикалық құқық бұзушылықтарға қарсы күрес мәселелері бойынша алмасу мәселелерінде, кеден қызметтерін реформалау және жетілдіру жөніндегі тәжірибені зерделеу, кеден рәсімдерін үндестіру және оңайлату мәселелерінде жәрдем алуға бағытталатын болады. Кеден қызметтерімен қалыптасатын екі жақты қатынастардың негізгі жәйттерінің бірі шетелдік іскер топтармен байланыс орнату болуы тиіс, бұл сыртқы экономикалық қызметті әлемдік сауда талаптарының шеңберінде жүргізуге және мұнымен бір мезгілде мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ҚХР-мен шекараның ұзақтығын, бұл аймаққа біздің мемлекетіміздің мүдделілігін ескере отырып, Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының кеден қызметтерінің арасында қатынастар орнату ерекше көкейкесті болады. ҚХР-мен қол қойылған Кеден ісіндегі ынтымақтастық және өзара көмек туралы келісімді практикалық іске асыру, шекара маңындағы кеден қызметтерінің арасында екі мемлекеттің арасында сауданы дамытуға жәрдемдесуге бағытталған ынтымақтастықты дамыту негізгі міндетке айналады.

АҚШ кеден қызметімен өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі дамытуға айтарлықтай көңіл бөлінетін болады, бұл осынау маңызды әрі Қазақстан үшін перспективалық әріптеспен сауда-экономикалық байланыстарды күшейтуге мүмкіндік береді. Бұл ретте АҚШ-тың әлемдік экономикадағы озықтығы, Қазақстан экономикасына негізгі инвесторлар болып табылатын ірі американдық компаниялардың көп санының болуы, қажетті ресурстар мен тәжірибесі бар АҚШ кеден қызметінің зор әлеуеті ескеріледі.

Еуропалық Одақ мемлекеттерінің кеден қызметтерімен байланысты жолға қою ісі алда тұр, олардың тәжірибесі республиканың кеден қызметінің жұмысында пайдаланылатын болады. Негізінен бұл жұмыс ТАСИС бағдарламасының шеңберінде жүргізіліп, Еурокеденмен тығыз байланыс орнатылатын болады.

Шетелдік мемлекеттермен өзара іс-қимыл екі жақты байланыстардың негізінде де, сондай-ақ аймақтық бірлестіктермен (ЕҚ ОЭС, АПЕК) ынтымақтастықты іске асыру негізінде де құрылатын болады.

Қазіргі заманғы жағдайларда әлемнің барлық елі ішкі рынокты ұлттық өндірісшілерді қолдаудың тарифтік және тарифтік емес әдістері, валюталық және несиелік қаражат пен тағы басқалары кіретін бәсекелестіктен қорғаудың кең ауқымды

құралдар кешенін пайдаланады. Бұл құралдардың көпшілігін қолдану көп тарапты мемлекетаралық келісімдермен және конвенциялармен бекітілген халықаралық қағидалармен реттеледі.

Кеден қызметінің жақын арадағы негізгі міндеті кеден ісіне қатысы бар халықаралық ұйымдардың жұмысына қатысу болады. Бұл бәрінен бұрын ДСҰ (кеден), ДСҰ (сауда), КЕС (атап айтқанда, ХХІ Директорат). ДСҰ (кеден) мен ДСҰ (сауда) кеден ісінің кеден саясатының және кеден заңдарының түрлі аспектілері бойынша мемлекеттер ынтымақтастығының кең ауқымды және мейлінше бағалы тәжірибесі жинақталған. ДСҰ (кеден) мен ДСҰ (сауда) құқықтық негізін құрайтын мұндай келісімдердің аса ірі кешені қазіргі уақытта зерделеніп, қорытылу үстінде. ДСҰ (сауда) талаптары "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Заңға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды дайындауда ескерілді. Бұл міндет болашақта кедендік-құқықтық реттеудің ДСҰ (кеден) мен ДСҰ (сауда) келісімдеріндегі нормалар мен қағидаларға көшуін қамтамасыз ету үшін одан әрі жалғастыруды талап етеді.

Кеден қызметі ДСҰ әзірлеген және ХВҚ мен ХДБ қолдаған Кеден қызметтерін жетілдіру мен реформалаудың бағдарламасын ескере отырып реформалау жүргізу көзделіп отыр. Мұндай бағдарлама Кеден қызметін дамытудың тұжырымдамасының болуы мен Үкіметтің тиісінше қолдауын көздейді. Бұл топтаманы практикалық іске асыру үшін жақын арада ДСҰ(кеден) әзірлеген және әкімдендіретін мынадай құжаттарға қосылу міндеті тұр:

- Тауарларды сипаттау мен кодтаудың үндестірілген жүйесі туралы конвенция;
 - Найроби конвенциясы;
- Кеден рәсімдерін үндестіру және оңайлату жөніндегі Киот конвенциясы.

Киот конвенциясына қосымшаға енгізілген өзгерістерді ескерумен оның ережелерін пайымдау және кеден қызметінің алдында тұрған бірінші кезектегі міндеттерді ескере отырып, кейін Конвенцияға қосылу және бірте-бірте оның қосымшаларына қосылу міндеті алда тұр. Бұл республикадағы кеден ісін реттейтін негізгі Заңға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізуді талап етеді.

Кеден қызметінің ДСҰ (кеден) Саяси комиссиясының жұмысына, мәжілістері мен комитеттеріне бірте-бірте қатысуды қамтамасыз ету қажет, Жақын арадағы кезеңде бұл жұмыс ДСҰ-мен белсенді түрде жазба алысулар, методологиялық ұсынымдарды зерделеу әлемдік кеден саясатының дамуы үрдісіне талдау жүргізу жолымен жүргізілетін болады.

3-БАСЫМДЫҚ. Кедендік бақылау мен кедендік рәсімдеудің тетігін жетілдіру

МАҚСАТ:

Кедендік ресімдеу рәсімдерін бірдейлендіру

МИНДЕТТЕР:

- Тиімсіз немесе басы артық кедендік рәсімдерді жою
- Кедендік ресімдеу мен бақылаудың сараланған технологияларын әзірлеу
- Ақпараттық ашықтық.

Кеден органдарына жүктелген функциялардың кешенін іске асыру үшін бәрінен бұрын кедендік ресімдеу мен кедендік бақылауды жүзеге асыру қажет.

Кедендік ресімдеу мен бақылау кедендік ресімдерді оңайлату, оларды әлемдік стандарттарға жақындату, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын толық сақтау (тауарлар мен көлік құралдарын тікелей өткізу пункттерінде ресімдеу, СЭЖ адал қатысушылары үшін "жасыл" дәліздер құру) жолымен Қазақстан Республикасының кедендік шекарасы арқылы өтетін тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеуді жеделдету бағытында дамитын болады.

"Жасыл дәліз" ретінде мынадай шараларды сипаттауға болады:

- тауарларды мерзімді және алдын ала декларациялау рәсімі бойынша ресімдеу;
- кедендік төлемдерді төлеуден босатылған тауарларды ГТД пайдалана отырып декларациялаусыз ресімдеу;
- кедендік төлемдерді төлеуден босатылған, құны белгіленген аз шамадан төмен тауарларды декларациялаусыз ресімдеу;
- тауарларды пост-кедендік аудит рәсімін пайдалану жолымен ресімдеу;
- кедендік бақылаудың сол немесе өзге де нақты жағдайларда кеден ісі туралы заңдардың сақталуын қамтамасыз ету үшін жеткілікті болып табылатын нысандарын пайдалану.

Кедендік шекарада тауарларды пәрменді кедендік бақылау мен кедендік ресімдеуді ұйымдастыру үшін мынадай қадамдар жасау қажет:

- жүк айналымының көлеміне, кедендік және кеден маңы инфрақұрылымының даму дәрежесіне сүйене отырып, тауарлар мен көлік құралдары қозғалысының (автоөтулер) бағыттарының жеткілікті және қажетті санын айқындау;
- шекаралық темір жол станцияларын өткізу пункті ретінде айқындау;
- кедендік бақылаудың заңдар мен халықаралық шарттардың сақталуын қамтамасыз ету үшін жеткілікті болып табылатын нысандарын қолдану;
- аталған постыларды кейін кеден мәртебесін беру арқылы нығайтуға, кеңейтуге, жаратандыруға кірісу.

Айтылғандарды ескере отырып тікелей Қазақстан Республикасының кедендік шекарасында автокөлікпен өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарын кедендік ресімдеуді ұйымдастыру үшін:

- мұндай ресімдеу үшін жедел және сапалы кедендік ресімдеу мен бақылау үшін қажетті жеке құраммен, техникалық және басқа да құралдармен жасақталған неғұрлым ірі посттарды дайындау;

- банктік, брокерлік және басқа да қызмет көрсетулерді қалыптастыру;
- осы посттарда кедендік ресімдерді тікелей кеден шекарасында жүргізуге тілек білдірген заңды және жеке тұлғаларды ресімдеуге кірісу;
- жүк тасымалдарының көлемдері өскен кезде тәжірибені зерделеу және басқа мейлінше жанды учаскелерде посттарды дамыту;
- қолданылып жүрген нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

Кедендік ресімдеу мен кедендік бақылауды жүргізудің тетігі:

- сыртқы экономикалық айналымды жеделдетуге септігін тигізетін жағдайларды жасауды (тиімсіз немесе басы артық кедендік рәсімдерді жою);
- тауарлар мен көлік құралдарының кеден шекарасы арқылы өтуінің рұқсат етушілік тәртібін сақтауды;
- контрабандаға, кеден ережелерін және салық заңдарын бұзушылықтарға қарсы күресуге, сондай-ақ шекара арқылы есірткі заттарының, қарудың, оқ-дәрінің, жарылғыш заттардың, көркем өнер туындыларының, халықтың тарихи және археологиялық игіліктерінің заңсыз айналымының жолын кесуді;
- кедендік баждарды, салықтар мен өзге де кедендік төлемдерді уақытылы және толық төлеуді;
- Қазақстанның сыртқы саудасының кедендік статистикасын және арнаулы кеден статистикасын жүргізуді;
- кеден органдарының құзыретінің шегінде валюталық бақылауды жүзеге асыруды қамтамасыз етуге міндетті.

Тауар өндірушілердің атына келіп түсетін немесе олар жөнелтетін және өнеркәсіптік өндірісте пайдаланылатын тауарларды кедендік ресімдеу үшін, өндірістің тоқтауына жол бермеу мақсатында мыналар көзделіп отыр:

- адал ниетті, бірінші кезеңде ірі тауар өндірушілердің тауарларын бақылау бойынша кеден органдарында арнаулы бөлімше (топ) құру;
- аталған бөлімшенің жұмысына кеден органдарының кәсіптік тұрғыда мейлінше даярланған қызметкерлерді тарту, олардың арнаулы білімі болғаны жөн;
- аталған бөлімше кеден органдарының қызметкерлері кедендік ресімдеу мен кедендік бақылауды өндірістік процесті тоқтатпай тікелей кәсіпорындарда жүзеге асыруы, есеп пен бақылауды кәсіпорындардың қызметіне араласуынсыз жүргізуі тиіс;
- тауарларды алу мен жөнелту кеден органы қызметтерінің бақылауымен де, сондай-ақ кәсіпорын алдын ала немесе кейін кедендік ресімдей отырып технологиялық сызбаларға сәйкес жүргізе алады;
- басшылық пен бақылауды тек кеден органының бастығы ғана жүзеге асыруы тиіс.

Негізгі күшті отандық экспортшыларды қолдауға жұмсау көзделуде, мұны экспорт режимін қолдану кезінде қажеттілік және жеткіліктілік принципі бойынша кедендік ресімдеу мен кедендік бақылау тетігін жетілдіру және одан әрі оңайлату есебінен қол жеткізуге болады.

Өнімін экспортқа шығаратын өндірісшілер үшін айтарлықтай мәні бар кедендік режимдерге қатысты экспортты ынталандыруға және импортты алмастырушы өндірісті көтермелеуге қатысы бар мәселелер бойынша ұсыныстар енгізу жолымен кеден саясатын әзірлеуге белсене қатысу қабылданатын болады.

4-БАСЫМДЫҚ. Кадр саясатын жетілдіру

МАҚСАТ:

Кеден органдары жұмысының тиімділігі

МИНДЕТТЕР:

- Кадрларды іріктеудің қазіргі заманғы әдістерін енгізу
- Кадрларды жаңартып-ауыстырып тұрудың жүйесін әзірлеу
- Кадрлардың біліктілігін арттыру бағдарламасын әзірлеу
- Ұйымдастыру құрылымдарын оңтайландыру және кадрларды орналастыруды жетілдіру
- Сыбайлас жемқорлықтық құқық бұзушылықтардың алдын алу және қорғау.

Кеден органдары қызметінің тиімділігін арттыру, оның ішінде Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты проблемаларды шешу елеулі дәрежеде кадр саясатын жетілдіруге тәуелді.

Қазіргі уақытта ҚР кеден органдарының бірыңғай жүйесі дегеніміз - бұл бәрінен бұрын Қазақстанның біртұтас ұйымдық біріктірілген кеден органдары, оған:

- Қазақстан Республикасының орталық кеден органы (ҚР МКМ Кеден комитеті),
 - бас кеден басқармалары (БКБ),
 - кеден басқармалары (КБ)
- кедендер, кеден постары, сондай-ақ ҚР МКМ ГК-ге ведомстволық бағыныстағы мекемелер мен ұйымдар кіреді.

Кеден органдарының құрылымы Қазақстан Республикасының Кеден қызметіне жүктелген негізгі функциялардың орындалуы бойынша барлық бөлімшелерінің тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз етуі тиіс. Кеден органдарындағы ұйымдастырушылық штаттық жұмысы берік нормативтік базаға негізделуі тиіс. Бәрінен бұрын қызметтің қарқынды әдістемесіне: еңбектің сапасын арттыруға, кеден бақылауының технологиясын, компьютерлендірудің есебінен кеден ресімдеуінің өзара іс-қимыл және

техникалық жарақталу схемасын жетілдіруге бағдарлануы керек.

Қазіргі уақытта барлық мемлекеттік құрылымдардың оларды жинақтау кәсіби күрделі қаржы жағдайындағы басынан кешіріп отырған қиыншылықтарды ескере отырып, штат мәселелерін шешуде іс-тәжірибесін кеден органдарында қалыптасқан елеулі түзету жөніндегі шаралар қолданылатын болады. Бәрінен бұрын:

- қосымша сан кеден инфрақұрылымын дамыту үшін ғана пайдаланылады;
- басымдықты бағыттарды дамыту мәселелерін шешу негізінен штат санын және жергілікті жерлердегі қолда бар бос орындарды қайта бөлу есебінен жүргізілетін болады ;

- кеден органдарының құрылымдық бөлімшелердің жеке құрамының жұмыс жүктемесін зерделеу және бөлімшелер санының жұмыстың іс жүзіндегі көлеміне сәйкестігінің негізінде кеден органдарында штат санының ұтымды пайдалануы қамтамасыз етіледі .

Кеден қызметшісінің мәртебесіне көшуге мүмкіндік беретін шаралар кешенін тез жүзеге асыру талап етіледі және осыған байланысты мынадай міндеттер қойылады:

- Кеден қызметшісінің жаңа бейнесін айқындау. Осы мақсатта кеден органдарында қызмет өткеру туралы ережені бекітуден басқа "Кеден ар-намысының кодексі" секілді бірқатар шаралар, анттың мәтіні әзірленді.

- Қазір кеден органдарында қызмет етіп жүрген контингентке баға беру.

- Соңғы екі-үш жылда қызметке алынған қызметкерлерге терең және сапалы талдау жүргізу. Әрбірінің мүмкіндігі мен қабілетін айқындау, кездейсоқ адамдардан арылу.

- Кадрларды бастапқы даярлау және қайта даярлаудың жүйесін құруды қамтамасыз ету

- Кеден органдарында тиімді тәрбие жұмысын құру.

- Кеден органдарының басшылары мен жұмыстың үйлесімді жүйесін құру: лауазымға іріктеп алу, даярлау, қайта даярлау, тағылымдама. Осыған байланысты Қаржы полициясы академиясының негізінде кеден ісінің факультетін, жоғары және орта басшы буынның біліктілігін арттыру үшін курстар ашу.

- Бірыңғай басшылық принциптерін одан әрі дамытуды қамтамасыз ету, басшылық ұжымда жоғары ұйымшылдықты, атқарушылық тәртіпті және сонымен бірге басшының қабылдаған шешімі үшін дербес жауапкершілікті көздейді.

Кеден органдарының жұмысын ақсататын түрлі субъектілер қызметінің күшеюіне байланысты, сондай-ақ "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасының Заңын Z980267_ орындау үшін кеден органдарының жүйесінде өз қауіпсіздігін қамтамасыз ететін бөлімшелерді қайта дүниеге әкелу қажет. Осыған байланысты :

- кеден органдары лауазымды адамдарының қылмыстық іс-әрекетін анықтауға және жолын кесуге ;

- қызметкерлердің қызметтік міндеттерін лайықты орындауы тұрғысында кеден

органдары бөлімшелерінің қызметін тексеруге;

- ақпаратты, хабарлауларды жинауға, талдауға ерекше көңіл бөлінетін болады.

Президенттің мемлекеттік органдарының іс жүргізуіне қазақ тілді енгізу туралы Жарлығын орындау мақсатында қызметкерлерді қазақ тіліне оқытуды, оны кезең-кезеңмен енгізуді заңда белгіленген мерзімдерге сәйкес қамтамасыз ету көзделіп отырып.

Кәсіптік борышты орындау құқықтық және этикалық нормаларды қатаң сақтау көп жағдайда кеден органы қызметкерлерінің "Әлеуметтік көңіл-күйіне" қызметтік өсуі келешегін көруге еңбегіне қанағаттануы мен материалдық әл-ауқатының деңгейіне байланысты. Бұл саладағы қызметтің

маңызды бағыттары:

- еңбекке ақы төлеуді жетілдіру;

- Кеден органдары лауазымды қызметкерлерінің қызмет атқару кезінде қаза тапқан, жаракат алған немесе денсаулығына өзгедей зақым болған жағдайда тиісті әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз ету;

- кеден органдары лауазымды адамдарын зейнетақымен қамтамасыз ету мәселесін шешу сияқты әлеуметтік мәселелерді шешу болуы тиіс.

Кадрларды іріктеудің, орналастырудың жаңалап-ауыстыруы принциптері:

- Кәсібилік және құзыреттілік;

- Қазіргі заманғы компьютерлік техниканы игеру;

- Жедел және негізделген шешімдер қабылдай білу;

- Принциптілік және отан сүйгіштілік;

- Өз көзқарасын қорғай білу;

- Өзіне және бағыныстағыларына талап қоя білу;

- Қойылған мақсатқа жетудегі табандылық;

- Қызметтестермен және әріптестермен сыпайы қарым-қатынас жасай білу;

- Жоғары атқарушылық тәртіп.

ЕСКЕРТУ. 4-Басымдық өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2001.05.15. N 643 қаулысымен.

5-БАСЫМДЫҚ. Кеден органдарының
фискальдық-экономикалық қызметін жетілдіру

МАҚСАТ:

Мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігі мен экономикалық мүдделерін қамтамасыз ету.

МИНДЕТТЕР:

- Мемлекеттік бюджетке кедендік төлемдер мен салықтардың толық түсімін қамтамасыз ету

- Өзара саудада тауарлардың жылжуына бақылау орнату тетігі және "баратын елі" принципі бойынша салықтар салу тәртібі

- Қазақстан Республикасының кеден және басқа да заңдарының сақталуын, кеден ісін жүзеге асыруда азаматтар мен ұйымдардың заңды құқықтары мен мүдделерінің қорғалуын қамтамасыз ету.

Ішкі экономикалық процестерде кеден ісі мен кеден саясаты рөлінің объективті түрде өсе түсуі және СЭҚ-тың ырықтануы жағдайында олардың өрісінің кеңейе түсуі өз кезегінде кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеумен байланысты барлық күрделі және бірыңғай емес қатынастар кешенін реттеудің жаңа жолдарын іздестіру қажеттілігін шартты етіп отыр.

Кеден органдарының СЭҚ кедендік-тарифтік реттеу тетігін одан әрі жетілдіру жөніндегі жұмысының негізгі бағыттары:

- кедендік-тарифтік саясатты жетілдіруге бағытталған нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеу;

- кедендік-тарифтік реттеу бөлігінде кедендік төлемдер мен салықтарды есепке алудың автоматтандырылған жүйесін құру негізінде мәліметтер қалыптастырудың бірыңғай жүйесіне кезең кезеңімен көшу;

- тарифтік реттеудің кешенді технологияларын әзірлеу және енгізу,

- есепке алудың толық автоматтандырылған жүйесі мәліметтеріне негізделген ішінара таңдап бақылау және тексеру технологиялары болуы тиіс.

Қазіргі заман жағдайында ұлттық мүдделерді тиімді қорғау үшін кедендік тариф барынша сараланған болуы тиіс. Кедендік тариф ДСО-ға кіруді және кедендік одақтың негізгі принциптерімен күрделене түсуге тиіс екенін ескере отырып, тауарлық позициялары ГС пен ТМД СЭҚ ТН-ға сәйкес саралануы тиіс.

Мыналарды жасау қажет болып отыр:

- тауарлардың кедендік құнын тиімді бақылау тетігін одан әрі жетілдіру;

- ГАТТ/ДСҰ талаптарына сәйкес тауарлардың кедендік құнын анықтау және бақылау тәртібін іс жүзінде жүзеге асыру;

- СЭҚ-ға қатысушыларға кедендік төлемдер мен салықтар төлеу жөнінде жеңілдіктер берудің бірыңғай тәртібін әзірлеу;

- СЭҚ ТН-ға, тауарлар шығарылған елдің белгілеуіне сәйкес тауарлардың жіктелу дұрыстығына бақылау тетігін одан әрі жетілдіру;

- Қазақстан Республикасы кеден органдарының тауарларға берілген шығу сертификатының дұрыстығын бақылау жөнінде бенефициар елдердің құзыретті

органдарымен өзара іс-қимыл тәртібін әзірлеу және іс жүзіне асыру;

- елдің экономикасына шетел инвестицияларының құйылуына қолайлы жағдай жасау мақсатында кеден төлемдерін алуды ДСҰ талаптарымен үндестіру;

- СЭҚ қатысушыларының кеден және салық заңдарын сақтауын бақылау жөнінде Қазақстан Республикасының кеден және салық қызметтерінің өзара іс-қимыл тетігін әзірлеу және оны іс жүзіне асыру;

- СЭҚ-тың барлық мүшелеріне теңдей жағдай жасау, кеден төлемдері мен салықтарын төлеу жөнінде жеке жеңілдіктердің болмауы. Осы принциптің сақталуы сыртқы сауда операцияларын жүзеге асыру кезінде адал бәсекелестікке жағдай ж а с а й д ы ;

- кеден баждарын төлеуден босату не болмаса кеден баждарының ставкаларын төмендету, не болмаса Қазақстан Республикасымен бірге еркін сауда аймағын немесе кеден одағын құрған не болмаса қостараптық келісімдер жасасқан мемлекеттерден шығарылатын тауарлардың Қазақстан Республикасының кедендік аумағына преференциалды әкелінуіне тарифтік квота белгілеу түрінде тарифтік преференциялар беру тетігін әзірлеуге белсене қатысу;

- кеден төлемдері мен салықтарының түсуін есепке алудың автоматтандырылған ж ү й е с і н қ а л ы п т а с т ы р у ;

- кеден төлемдері мен салықтары жөніндегі статистикалық есептердің есепке алынуы мен өңделуін бақылауды автоматтандыру;

- кеден төлемдері мен салықтары салынатын тауарлар бойынша экспорттық-импорттық келісімшарттар мониторингі.

Кедендік-тарифтік реттеулердің жоғарыда аталған барлық шаралары:

- ұлттық өндірушілерді шетелдік жағымсыз бәсекелестіктің қолайсыз ықпалынан қ о р ғ а у ғ а ;

- республикада импорттың орнын толтыратын өндірісті дамытуға;

- ел аумағына әкелінетін тауарлардың құрылысын тексеруге;

- бюджеттің кіріс бөлігін қалыптастыруға бағытталған.

Сыртқы экономикалық байланыстарды экономикалық реттеуді жолға қою жөніндегі шаралар елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайындағы және оның халықаралық жағдайындағы өзгерістерге сәйкес болуға тиіс. Тек осындай жағдайда ғана мемлекет мүдделері тұрғысында сыртқы экономикалық байланыстарды мемлекеттік реттеудің міндеттері мен оның экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді тиімді шешу мүмкін б о л м а қ .

Контрабандаға және кеден ережелерін
б ұ з у ғ а қ а р с ы к ү р е с

Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оның

экономикалық мүдделерін қорғау, контрабандаға, кеден ережелерін бұзуға қарсы күрес жүргізу, кеден ісін жүргізу кезінде азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету, кеден шекарасы арқылы есірткі құралдарының, карудың, республика игілігіндегі көркем, тарихи және археологиялық бұйымдардың заңсыз айналымының жолын кесу - Кеден органдарының алдына Үкімет қойған аса маңызды міндет болып табылады.

Кеден органдарының құзырына кіретін осы және басқа да функциялар Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы заңсыз, соның ішінде қылмыстық сипатта жүріп-тұруға тікелей қарсы іс-әрекет жолымен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Президентінің 20.06.97 ж. N 3558 U973558_ Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қылмысқа қарсы күрес жөніндегі 1997-1998 жылдарға арналған және құқық қорғау қызметінің 2000 жылға дейінгі негізгі бағыттары бойынша мемлекеттік бағдарламасы республиканың кеден органдарының алға қойылған міндеттерді шешудегі рөлін айқындап берді.

Қылмыстық-процессуалдық кодекстің 65-бабына сәйкес кеден органдары жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асырады, контрабанда істері және кеден төлемдерін төлеуден жалтару бойынша тергеу-анықтау органдары болып табылады. Кеден ережелерін бұзушылық бойынша іс жүргізеді, олар бойынша жауапкершілікке тартады.

"Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 26.06.98 ж. N 233-1 Z980233_ Заңының қабылдануымен байланысты кеден органдары ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде жұмыс жүргізуде.

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Қазақстан Республикасының 02.07.98 ж. N 267 Z980267_ Заңымен кеден органдарына сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі міндеттер жүктелген.

"Жедел-ізвестіру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының Z944000_ 6-бабына сәйкес кеден органдары жедел-ізвестіру қызметінің субъектісі болып табылады.

Экономикалық мүдделерді қорғаудың ұйымдастыру-құқықтық нормаларын одан әрі жетілдіру үшін кеден органдары бірқатар мынадай шараларды жүзеге асыруы қажет:

- Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы жүріп-тұру кезінде контрабандаға қарсы күрес жөніндегі және рұқсат беру тәртібінің сақталуын қамтамасыз ету функцияларын дамыту.

Бұл функциялардың мәні заңды тұлғалардың және жеке адамдардың Қазақстан Республикасының кеден шекарасында Қазақстан Республикасының заңдары белгілеген құқықтық қарым-қатынастарды сақтауын қамтамасыз ету, кеден істері саласындағы қылмыстарға қарсы күрес жүргізу жөніндегі саяси, құқықтық, ұйымдастыру Экономикалық, жедел және өзге де шараларды жүзеге асыру болып табылады.

- Экономикалық кедендік құқық бұзушылықтарға қарсы күрес нысандары мен

әдістерін

жетілдіру.

- Құқық бұзушылықты тергеу әдістерін, прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, салық полициясы органдарымен және Қазақстан Республикасының басқа да мемлекеттік органдарымен өзара бірлескен іс-қимыл тетігін әзірлеуді қамтамасыз ету қажет.

- Контрабанданың аса қауіпті түрлеріне қарсы күрес нысандары мен әдістерін жетілдіру.

Энергия көздерінің, валютаның, есірткінің, қару-жарақ пен оқ-дәрінің заңсыз тасымалдануын, интеллектуалдық меншік құқықтарының қорғалуын қамтамасыз етуді бақылау жөніндегі шараларды күшейту. Алдын ала жедел ақпарат алуға жағдай жасау, құқық бұзушылыққа қарсы іс-қимылдың тиімді тетігін табу, контрабандаға қарсы күрес жөніндегі бөлімшелердің ұйымдық құрылымын жетілдіру және бөлімшелерді техникалық жабдықтауды қамтамасыз ету қажет.

Осы бағыттың шегінде Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің кинологиялық орталығын құру, көне және өнер бұйымдарының, санаткерлік меншік объектілерінің, Энергия көздерінің тасымалдануын бақылау мәселелері бойынша кеден қызметкерлерін кәсіптік даярлауды қамтамасыз ету жоспарланып отыр.

- Контрабанданы, кеден ережелерін бұзушылықты, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың құқық бұзушылықтарын анықтау, ескерту және жолын кесу мақсатында жедел-іздістіру шараларын жүргізу.

- Анықтаудан, сондай-ақ кеден және басқа да міндетті төлемдерін төлеуден жалтарып, жасырынып жүрген адамдарды анықтау жөніндегі шараларды жүзеге асыру.

- Құқық қолданушылық қызметі.

Контрабандаға және сыртқы экономикалық қызмет саласындағы басқа да құқық бұзушылықтарға қарсы күресте мемлекеттің құқық қорғау және өзге де органдарында өкілеттік және қызметтік шектерін нақты айқындау және нормативтік жағынан бекіту, кеден органдарының жедел-іздістіру қызметінің нормативтік базасын жасау, Кеден одағы жағдайында кедендік құқық бұзушылықтарға қарсы күрес тұжырымдамасын әзірлеу, құқық қорғау органдарының ғылыми әлеуетін пайдалана отырып, кеден ережелерін бұзғандығы үшін және кеден ісі саласындағы қылмысы үшін жауапкершілік шегін анықтау кезінде "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қолдану жөнінде түсініктеме әзірлеу.

- Кеден органдарының қызметін ақпараттық-талдаумен қамтамасыз ету.

Құқық қорғау органдары арасында ақпарат алмасу тетігін жолға қою,

кеден ісі саласындағы қылмыстарды қылмыстардың бірыңғай есебіне енгізу қажет, ол үшін жедел есепке алу мен қылмыстық статистиканы енгізу жоспарланып отыр.

Контрабандаға және кеден ережелерін бұзушылыққа қарсы күрес жөніндегі бөлімшелердің материалдық-техникалық базасын дамыту.

Қару-жарақпен, арнаулы құралдармен, байланыс құралдарымен, сондай-ақ қазіргі заманғы іздестіру, криминалистикалық құралдармен және аспаптармен, жедел және арнаулы техникамен қамтамасыз ету.

2-БӨЛІМ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КЕДЕН ОРГАНДАРЫ МЕН КЕДЕНГЕ ҚАТЫСТЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДАРДЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ- ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАСЫН ДАМЫТУ

МАҚСАТ:

Кеден органдарының нақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

МІНДЕТТЕР:

- Кеден органдарының материалдық-техникалық базасын нығайту
- Кеден бекетшілері мен өту пункттерін салу
- Кеден органдарын дамытуды қаржыландыру үшін қосымша қаражат тарту
- Кеден қызметтері рыногын жедел дамыту.

Кеден органдары алдында тұрған міндеттердің тиімді атқарылуы Қазақстан Республикасы кеден органдарының техникалық жарақталу деңгейіне және материалдық-техникалық базасының (МТБ) жалпы жағдайына тікелей байланысты.

КЕДЕНДІК БАҚЫЛАУЫНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРАЛДАРЫ (КБТҚ)

КБТҚ-ны пайдалану кеден бақылауы технологияларының іс жүзінде барлық кезеңдерінде ажыратылмас бөлігі болып табылады. Қажетті сапалық деңгейде және саны жеткілікті КБТҚ-ның болмауы кедендік бақылау процесін тым ұзаққа созып, оған кері әсер етеді.

Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық прогрестің дамуы және экономикасы дамыған елдердің кеден қызметінің оның жетістіктерін пайдалану тәжірибесі кезеңінде Қазақстан Республикасының кеден органдары алдында өзінің техникалық және сапалық сипаттамасы жағынан әлемдік стандарттарға сай келетін кедендік бақылаудың техникалық құралдарын сатып алу міндеті тұр.

Қазақстан Республикасының қазіргі кезде дамыған елдермен қарым-қатынастың жаңа шебіне шығуы жағдаятында металлдарды, тастарды, валютаны және құжаттарды,

есірткі және жарылғыш заттарды ажыратып-танитын техникалық құралдар (АТҚ) кеден басқармалары мен кедендерде мүлдем жоқ болғандықтан оларды сатып алу және жабдықтау қажет болып отыр. Бұл проблеманың көкейкестілігі таяу шетелдердегі шиеленісті жағдайдан көрінеді.

PARISCAN X-RAY үлгісіндегі арнаулы рентген қондырғысын орнату объектіні ашып көрмей-ақ бейнелі бақылау міндеттерін шешуге мүмкіндік береді. Құбырлық тасымал көлігімен, ыдыстармен экспортталатын мұнайды, мұнай өнімдері мен газды кедендік бақылауды, сондай-ақ электр энергиясын бақылауды қамтамасыз ету үшін КБТҚ қажет. Осы мақсатта мұнай өнімдерін бақылау аппараттарын орнату қажет. Электр энергиясының тасымалдануын бақылау кезінде техникалық шешімдерді зерттеу және іздестіру қажет.

Радиоактивті материалдардың тасымалдануын бақылау кеден қызметінің тікелей міндеті болып табылады. ҚР кеден органдарына ізгілік көмек ретінде берілетін радиациялық бақылау құралдары көбінесе бейімдеуді қажет етеді. Берілген және сатып алынған радиациялық іздеп табу приборларын тиімді пайдалану үшін осы жабдықтармен жұмыс істеуді жеке құрамға үйрететін, бұл істе тәжірибесі бар мамандар қажет.

ШҚО бойынша КБ-да таяуда құрылған аймақтық кеден зертханасы өзі құрылғалы бері бір жылдың ішінде жұмысында едәуір нәтижеге қол жеткізді.

Кеден сараптамасы қызметін тиісті әлемдік деңгейге көтеру үшін 2000-2002 жылдары республиканың Солтүстігінде, Батысында және Оңтүстігінде тағы да 3 аймақтық кеден лабораториясын құру жоспарланып отыр.

Кеден органдарының қалыпты жұмыс істеуіне жағдай жасау жабдықтаудың орныққан жүйесіне, қаржылай да, материалдық-техникалық құралдар жағынан да қажетті қор (резерв) көлемін құруға тікелей байланысты.

БАЙЛАНЫС ҚҰРАЛДАРЫ

Кеден органдарының тиімді жұмыс істеуі үшін радиобайланыстың қорғалған ведомстволық жүйесін құру қажет. Бекетте немесе рейдте жүрген инспектордың кеден бекетімен немесе Кеденмен (Базамен) байланысып тұруға мүмкіндігі жоқ, бұл оқыстан туа қалған жағдайда оны іс жүзінде қорғансыз күйге түсіреді. Жылжымалы және тұрақты радиобайланыстың болмауы, сондай-ақ кеден бөлімшелерінің (бекеттерінің) өздерінің аймақтық орталықпен (КБ, кеденмен) іс-қимылдарының келісілуіне кері әсерін тигізеді. Сондықтан УҚТ радиобайланыстың HF-SSB жүйесі (жер бедеріне байланысты 100 км дейін) мен ҚТ диапазонын (қашықтағы байланыс) енгізу жоспарланып отыр, бұл тұрақты және алып жүретін диапазондық станциялармен кеден бөлімшелерін Кеден

комитетінен бастап тұрақты бекеттен 100 км қашықтықта тұрған қатардағы инспекторға дейін қамти отырып, республиканың күллі аумағы бойынша ҚР кеден органдарының ведомстволық байланыс проблемасын шешуге мүмкіндік береді.

Бағыттар бойынша аталған радиобайланыспен бөлімшелерді жабдықтау кезектілігі:

2000 жыл:

- Оңтүстік (ОҚО бойынша КБ, Жамбыл облысы бойынша КБ, Қызылорда облысы бойынша КБ);

- Оңтүстік-батыс (Маңғыстау облысы бойынша КБ);

- ҚХР-мен шекара учаскесі (Қалжат, Бақты, Майқапшағай, Қорғас кедендері);

2001 жыл:

- Батыс (БҚО бойынша КБ);

- Шығыс (ШҚО бойынша АБ, Павлодар облысы бойынша КБ);

- Солтүстік (Қостанай облысы бойынша КБ, Ақтөбе облысы бойынша КБ, СҚО бойынша КБ);

2002 жыл:

- республика орталығындағы кеден бөлімшелері.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Кеден қызметінің бірыңғай автоматтандырылған жүйесінің жұмысын жақсарту үшін мынадай шаралар жүзеге

а с ы р ы л у ы

қ а ж е т :

- Қазір бар 43 спутник станциясына қосымша Қазақстан Республикасының кеден шекарасында 65 станция комплектісін орнату;

- Қолда бар есептегіш техника мен спутник байланысы құралдарының сервистік қызмет көрсетуін жақсарту, аумақтық кеден органдарында қосалқы бөлшектер қ о й м а л а р ы н ж а с а у .

- Спутниктік байланыс арналарының өткізу қабілетін орталық кеден органында 1024 Кб/с, аумақтық кеден органдарында - 268 Кб/с, кеден бекеттерінде - 64/128 Кб/с м ө л ш е р і н е д е й і н а р т т ы р у .

КӨЛІК

Кеден органдарын көлікпен жабдықтау бірінші кезекте шешілуге қажетті міндет

б о л ы п

т а б ы л а д ы .

Кеден органдары жұмысының белгілі ерекшеліктеріне сәйкес қажетті мөлшерде көлік құралдарының болмауы бөлімшелердің жалпы материалдық-техникалық және моральдық деңгейіне едәуір кері әсер етеді.

Қолда бар автокөлік паркінің моторесурсы таусылуға жақын. Тек 230 автомашина ғана 1995 жылдан кейінгі шығарылған.

Ауыр жолдарға арналған шетелдік көлік (джиптер) сатып алу жолымен автомашиналар паркін жаңарту қажет. Жедел топтардың ұланғайыр аумақты күзетуі үшін жылытылатын кунгалары бар жүк автомобильдерін ("Урал", "Камаз") сатып алу қажет. Қатал қыс жағдайындағы солтүстік облыстар "Боран" немесе "Рысь" үлгісіндегі қаркөліктермен жабдықтауды қажетсінеді.

Мұнан басқа, Каспийде теңіз көлігіне (әскери катерлер) және Маңғыстау, Қызылорда және Қостанай облыстарының аумақтарында әуе көлігіне (тікұшақтар) қажеттілік туындап отыр.

Қазақстан Республикасының кеден органдарын жабдықтау үшін қажетті қаржы қаражаттарын бөлу.

	!	Жыл	!	Ақша қаражаты,
	!		!	мың теңге
Материалдық техникалық жабдықтау		2000		824954
Кеден посттарын салу		2000		519997

Мемлекеттік шекарада түрлі мақсаттағы өту пункттерін салу, қайта жаңарту, жайластыру және техникалық жарақтау бойынша үлкен жұмыс көлемі көзделіп отыр.

Жүйелі бюджеттік қаржыландырудан басқа материалдық-техникалық базаны дамыту үшін инвесторлардың, шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаражатын тартудың есебінен кеден маңындағы инфрақұрылымды құру мен дамытуға жағдай жасау және ынталандыру жоспарлануда.

Кедендік қызмет көрсетулер рыногын дамыту мүдделі кәсіпорындардың қызметтің кеден ісімен байланысты түрлі салаларында жобалар жасауы арқылы конкурстық негізде жүзеге асырылуы тиіс.

Тауарлар мен көлік құралдарының үдей өсіп отырған ағынын үздіксіз кедендік

- Мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің, экономикалық мүдделерін қорғаудың қажеттілігі;

- Кеден шекарасында кедендік бақылаудың сенімділігін қамтамасыз ету мақсатында өткізу пункттерін нығайту және жайластыру жөніндегі жұмысты үйлестіру мен ұйымдастыру;

- Кеден шекарасы арқылы тауарлар мен көлік құралдарының, оның ішінде қару-жарақ пен оқ-дәрілердің, есірткі және психотропты заттардың, улы және жарылғыш заттардың, ядролық және радиоактивті материалдардың және т.б, заңсыз өтуінің жолын кесу.

1992 жылға дейін Қазақстанның күзетілетін ҚХР-мен ғана шекарасы болды, онда тек "Қорғас", "Бақты" және "Достық" өткізу пункттері ғана жұмыс істеді.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында кеден органдары халықаралық мәні бар 14, республикалық мәні бар 73, 17 темір жол магистралдарын, 13 әуежайды бақылайды, оларда:

1 2 1 а в т о м о б и л ь ;
2 8 т е м і р ж о л ;
1 2 а в и а ц и я л ы қ ;

1 теңіз ("Ақтау" теңіз порты) өткізу пункті жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасының шектес елдермен (ҚХР-ды қоспағанда, бұл - Ресей Федерациясы, Өзбекстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Түркменстан) кеден шекарасының жалпы ұзындығы 14 мың км құрайды. Осы жағдайларда көршілес мемлекеттермен және әлемдік қоғамдастықпен сауда-экономикалық қатынастарды дамыту үшін өткізу пункттерін ашу және оларға тиісті: халықаралық және екіжақты мәртебе беру мәселесі өткір тұрды.

Осы мақсатта Қазақстан Республикасының Үкіметі өткізу пункттерінің құрылысын салуға және нығайтуға, сондай-ақ оларды техникалық жарақтауға бағытталған бірқатар қаулылар қабылдады.

Мәселен, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 30.10.92 жылғы N 906 қаулысымен ҚХР-мен шекарадағы "Бақты" өткізу пунктіне халықаралық мәртебе берілді, оның құрылысын салу және нығайту көзделген болатын. Алайда 1993 жылдан бері кеден кешенінің құрылысы аяқталмай келеді. Кеден қызметі қалыпты жұмыс істеу үшін бейімделмеген және халықаралық деңгейге сәйкес келмейтін үй-жайға орналасқан. Бұл жағдай Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Бақты" кедені қызметінің жекелеген мәселелері туралы" 12.03.99 жылғы N 231 P990231_ жаңа қаулы қабылдауының бір себебі болды, осыған сәйкес заңды және жеке тұлғалардың кедендік ресімдеу мен кедендік бақылау бойынша іс-әрекетін кідіре отырып тауарлар мен көлік құралдарын өткізуі уақытша тоқтатылды.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 26.04.95 жылғы N 557 P950557_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының өткізу пункттерін дамытудың 1995-

1996 жылдарға арналған бағдарламасы бекітілді, соған сәйкес нақты объектілер айқындалды, қажетті қаражат сомасы жоспарланды және жұмыстарды аяқтаудың мерзімдері белгіленді. Алайда бюджет қаражатының тапшылығына байланысты көзделген бағдарлама іске асырылған жоқ.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының Кеден комитеті туралы" 4.10.96 жылғы N 1226 P961226_ және "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 4 қазандағы N 1226 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 20.07.97 жылғы N 1003 P971003_ қаулыларын орындау үшін 140 БӨП-тің құрылысын салу, монтаждау және техникалық жарақтау көзделінді.

1998-1999 жылдары модулдік үлгідегі 57 БӨБ мен стационарлық үлгідегі 16 БӨБ-тің құрылысы аяқталды. Кеден посттарын салуға және техникалық жарақтауға ақша қаржысының уақытында бөлінуі республиканың экономикалық тәуелсіздігін нығайтуға және мемлекеттік бюджетке түсімдердің өсуіне мүмкіншілік береді.

Қазіргі уақытта өткізу пункттеріне кеден маңындағы ондаған және жүздеген километр шекарасының учаскелері іс жүзінде күзетілмейді, теңіз жағалауы бүкіл ұзына бойында - тауарларды кеден бақылауынан тыс өткізуге жарамды. Автомобиль және темір жол пункттерінің техникалық нашар жарақталуы кеден бақылауын, сапалы жүргізуге мүмкіндік бермейді. Кеден органдары кеден бақылауын бақылаудың басқа түрлерін жүзеге асыратын өзге де мемлекеттік органдардың тарапынан тауарларды тиісті түрде ресімдеусіз және тексерусіз жүргізеді, бұл республиканың рыногына сапасыз, бабына келмеген тауарлардың еніп кетуіне септігін тигізеді.

Қазақстанмен шектес мемлекеттерде импорттық тауарларға салық салуы деңгейі әлдеқайда төмен және экономикалық теріс пиғылды импортшылар қомақты пайданы республикаға кеден бақылауынан тыс өтетін тауарларды сатудан алады. Қазақстанға бақылаусыз әкелінетін тауарлар мемлекетке елеулі экономикалық зиян келтіреді.

Қазақстандық тұлғалардың сыртқы экономикалық белсенділігінің өсуі, сыртқы сауда саласындағы белсенді жаңғыртулар Қазақстан Республикасының кеден органдарының алдына жаңа ауқымды міндеттер қойып отыр: экономиканың секторлары бойынша кәсіптік жұмысқа бағдарланған құрылымдық өзгерістер, кеден шекарасын күзетуді ұйымдастыру, жаңа институттарды - кеден аудитін, кеден анықтауын, тергеуі мен т.б. ұйымдастыру. Мұның бәрі бір басты мақсатты көздейді - контрабандаға тосқауыл қоюды қамтамасыз ету және кедендік төлемдер мен салықтарды толық көлемде өндіріп алу. Кеден шекарасын толық жаппайынша бұл
п р о б л е м а ш е ш і л м е й д і .

Бұл күндері республиканың кеден қызметі жеткілікті дәрежеде материалдық-техникалық базаға ие емес, өткізу пункттерін салу және жайластыру үшін елеулі күрделі қаржы талап етіледі. Энергетика, су ресурстары, жылумен жабдықтау, кедендік бақылауды көлік құралдарымен, отынмен, техникалық құралдармен, орнықты байланыспен, оның ішінде электрондық және радиотелефонмен қамтамасыз ету

мәселелері шешілген жоқ.

Инфрақұрылым объектілерінің жеткілікті түрде дамыған желісінің болмауы (уақытша сақтау қоймалары, автотұрақтар, тамақтану пункттері, қонақүйлер, техникалық қызмет көрсету станциялары, банк, медицина, брокерлік мекемелер және т.б.) тауарлар мен көлік құралдарын тікелей кеден шекарасында өткізу пункттерінде толық қанды кедендік ресімдер мен кедендік бақылауды жүзеге асыру мүмкіншілігін т е ж е й д і .

Кеден шекарасында өткізу пункттерін салу, қайта жаңарту, жетілдіру, кеңейту, жайластыру мен техникалық жарақтау республикалық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылады .

Болжанылып отырған нәтижелер:

Тікелей кеден шекарасында өткізу пунктінде автомобиль көлігімен өткізілетін тауарлар мен көлік құралдарын толық кедендік ресімдеу жүзеге асырылған жағдайда мынадай көріністердің ықтималдығына жол беріледі:

- басқа мемлекеттердің аумағын пайдалана отырып көлік транзитінің бағыттарын өзгерту ;

- сыртқы сауда белсенділігі деңгейінің төмендеуі.

Оң аспектілер :

- Кеден ресімдеуін жеделдету және оңайлату;

- Тауарлар мен көлік құралдарын, оның ішінде акцизделетін өнімнің әкелінуіне бақылауды күшейту ;

- Контрабанданы тікелей кеден шекарасында ұстау;

- Тауарлар мен көлік құралдарын кеден шекарасы арқылы өткізу кезінде рұқсат беру тәртібінің сақталуын ұйымдастыру бойынша тиімділікті арттыру;

- Республиканың мүддесі үшін стратегиялық маңызды материалдардың әкетілуіне бақылауды күшейту ;

- Тауарлар мен көлік құралдарын республика аумағы бойынша өткізу кезінде сыбайлас жемқорлық фактілерін болдырмау;

- Шекара маңындағы елді мекендерде жаңа жұмыс орындарын құру;

- Елдің аумағының ішінде кедендік ресімдеу мен бақылауды жүзеге асыратын кеден органдарын ұстауға арналған шығыстарды үнемдеу;

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік және кеден шекарасын нығайту.

ҚОРЫТЫНДЫ

жылдарға дейінгі тұжырымдамасы құқықтық негіздері Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Заңдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы жасаған немесе қабылдаған халықаралық Шарттар мен Келісімдер болып табылатын көзқарастар мен басымдықтардың жүйесі болып табылады.

Оны кезең-кезеңмен іске асыру кеден қызметін нақты жағдайларға барынша жақындатуға, тауарларды кедендік бақылау және ресімдеу тетіктерін жетілдіруге, кеден ісі бойынша Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру үшін жағдайлар жасауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының кеден қызметін елдің сыртқы экономикалық байланыстарын дамытуға септігін тигізетін және сыртқы сауданы мемлекеттік реттеудің тарифтік және тарифтік емес шараларының көмегімен отандық рынокты қорғайтын тиімді жұмыс істейтін құралға айналдыру осы Тұжырымдамада көзделген шаралар жүйесінің іске асырылуы кезінде табысты

болады.

Тұжырымдаманы Мемлекеттік кіріс министрлігінің мемлекеттік басқаруымен және басқа да министрліктермен және ведомстволармен, құқық қорғау органдарымен және өзге де органдармен өзара іс-қимыл жасаумен Кеден комитеті жүзеге асырады, бұл кеден қызметін қазіргі заманғы талаптарға жауап беретін деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.